

**"Тайынша ауданы Донецк селолық округі елді мекендерінің құрамдық бөліктеріне атау беру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Донецк ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 28 маусымдағы №4 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Донецк ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 28 маусымдағы № 06 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде басқармасында 2018 жылғы 4 шілдеде № 4813 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес, Тайынша ауданы Донецк ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Тайынша ауданы Донецк селолық округі елді мекендерінің құрамдық бөліктеріне атау беру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Донецк ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 28 маусымдағы № 4 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 13-11-185 тіркелді, 2010 жылғы 16 шілдеде "Тайынша Таңы" газетінде және 2010 жылғы 16 шілдеде "Тайыншинские вести" газетінде жарияланды) келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің қазақ тіліндегі тақырыбында және мәтіні бойынша, сонымен қатар шешімнің қосымшасында "селолық", "селосы" сөздері "ауылдық", "ауылы" сөздерімен ауыстырылсын;

шешімнің орыс тіліндегі тақырыбы және мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округі әкімінің м.а.*

*Б. Шынбаев*